

М. Әуезов университеті үздік үштікте

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті кезекті рет Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз агенттігінің (БСҚА) өткізетін 2021 жылғы Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингінде өз позициясын растады, – деп хабарлайды осы жоғары оқу орнының

баспасөз қызметі.

Көп салалы ЖОО рейтингісінің қорытындысы бойынша М. О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Қазақстан бойынша үздік үштікке еніп, құрметті 3 орынға ие болды, бұл білім берудің жоғары сапасы мен түлектерге деген сұранысты растайды.

